

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидаларын бекіту туралы

Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 2023 жылғы 10 қарашадағы № 35-10-8 шешімі. Павлодар облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 17 қарашада № 7414-14 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 46-бабы 2- тармағының 4-тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 523 қаулысына сәйкес, Ертіс аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес қоса беріліп отырған әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары бекітілсін.
2. Осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Ертіс аудандық мәслихатының кейір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы шешімнің орындалуын бақылау Ертіс аудандық мәслихатының бюджет, әлеуметтік саясат және занدыштық жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.
4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ертіс аудандық мәслихатының төрағасы

Б. Шингисов

Ертіс аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
10 қарашадағы № 35-10-8
шешіміне 1-қосымша

Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары

Ескерту. Қафіда жаңа редакцияда – Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 10.04.2025 № 119-32-8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың Қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-3-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ардагерлер туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 30 маусымдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" № 523 (бұдан әрі - Үлгілік қағидалар) қаулысына сәйкес әзірленді және әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған ұқімет" мемлекеттік корпорациясының Павлодар облысы бойынша (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты "бір терезе" қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарau бойынша Ертіс ауданы әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқару органдармен (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – "Ертіс ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі - Павлодар облысы бойынша статистикалық органдар есептейтін мөлшері бойынша ең төмен тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тұра келетін үлесі;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мерекелік күндер (бұдан әрі - атаулы күндер) - Қазақстан Республикасының кәсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілдегі мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласында басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) участекелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайына зерттеп-қарау үшін Ертіс ауданының ауылдар, ауылдық округтер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

12) шекті шама – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі – "электрондық үкімет" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандауры обьектілерінен алғынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған обьектісі;

14) "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізуіндік "ортақ терезесі" дегенді білдіретін ақпараттандауры обьектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

3. Әлеуметтік кодекстің 71-бабының 4-тармағында, 170-бабының 3-тармағында, 229-бабының 3-тармағында, "Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында, 11-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 12-бабының 1-тармағының 2) тармақшасында, 13-бабының 2) тармақшасында, 17-бабында көрсетілген тұлғаларға әлеуметтік көмек осы Қағидаларда көзделген тәртіппен көрсетіледі.

4. Әлеуметтік көмек бір рет және (немесе) мезгіл-мезгіл (ай сайын, тоқсан сайын, жартыжылдықта 1 рет, жылына 1 рет) көрсетіледі.

5. Әлеуметтік көмек көрсету үшін мереке күндер мен атаулы күндерінің тізбесі:

1) 15 ақпан - Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күні;

2) 8 наурыз - Халықаралық әйелдер күні;

3) 26 сәуір - Радиациялық апаттар мен апаттардың салдарын жоюға және осы апаттар мен апаттардың құрбандарын еске алуға қатысушылар күні;

4) 7 мамыр - Отан қорғаушы күні;

5) 9 мамыр - Женіс күні;

- 6) 31 мамыр - Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні;
- 7) 30 тамыз - Қазақстан Республикасының Конституция күні;
- 8) 1 қазан - Қарттар күні;
- 9) 25 қазан - Қазақстан Республикасының күні;
- 10) 16 желтоқсан - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.

6. Участекелік және арнайы комиссиялар өз қызметін ЖАО бекітетін ережелердің негізінде жүзеге асырады.

2-тaraу. Әлеуметтік көмек алушылар санаттарының тізбесін айқындау және әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу тәртібі

7. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган келесі санаттардағы азаматтарға әлеуметтік көмек көрсетеді:

1) мереке күндер мен атаулы күндерге алушылардың өтініштері талап етілмей біржолғы әлеуметтік көмек:

15 ақпан – Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің шығарылған күніне Мемлекеттік корпорацияның және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағын (бұдан әрі – КСР Одағы) қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа кезендерде атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметтің өткеру кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген әскери қызметшілеріне 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі-АЕК) мөлшерінде;

оқу жиындарына шақырылған және Ауғанстанға ұрыс қымылдары жүріп жатқан кезенде жіберілген әскери міндеттілеріне 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

Ауғанстанға ұрыс қымылдары жүріп жатқан кезенде осы елге жүк жеткізу үшін жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілеріне 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмалармен үшқан ұшу құрамының әскери қызметшілеріне 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

Ауғанстандағы кеңестік әскери контингентке қызмет көрсеткен, жарақат, контузия алған немесе мертіккен не ұрыс қымылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылары мен қызметшілеріне 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

Ауғанстандағы немесе ұрыс қымылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қымылдары кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

8 наурыз – Халықаралық әйелдер күніне Мемлекеттік корпорацияның және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарындағы көп балалы аналарына (отбасыларына) 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

26 сәуір – радиациялық апаттар мен апаттардың салдарын жоюға және осы апаттар мен апаттардың құрбандарын еске алуға қатысушылар күніне Мемлекеттік корпорациясының және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарына және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқандарына, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жою кезінде қаза тапқан адамдардың отбасыларына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

сәуле ауруның салдарынан қайтыс болғандардың немесе қайтыс болған мүгедектігі бар адамдардың, сондай-ақ қайтыс болуы белгіленген тәртіппен Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың және ядролық сынақтардың әсеріне байланысты болған азаматтардың отбасыларына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысушылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

7 мамыр – Отан қорғаушы күніне Мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

2003 жылғы тамыз – 2008 жылғы қазан аралығындағы кезеңде Ирактағы халықаралық бітімгершілік операцияға бітімгерлер ретінде қатысқан Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

1992 жылғы қыркүйек – 2001 жылғы ақпан аралығындағы кезеңде Тәжікстан-Ауғанстан участкесінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының шекарасын қорғауды қүшетту жөніндегі мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес

міндеттерін орындаған Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткери кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

9 мамыр – Жеңіс күніне Мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

Ұлы Отан соғысына қатысушыларына, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағын қорғау бойынша басқа да ұрыс операциялары кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтар мен мекемелерде қызмет өткерген әскери қызметшілеріне, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілеріне 5 000 000 (бес миллион) теңге мөлшерінде, сондай-ақ 10 (он) АЕК мөлшерінде азық-түлік жиынтығы;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарына, атап айтқанда, Ұлы Отан соғысы кезеңінде майданда, ұрыс қымылдары ауданында, майдан маңындағы теміржол участеклерінде, қорғаныс шептерінің, әскери-теңіз базалары мен әуеайлақтардың құрылыш жайларында жарапануы, контузия алуы, мертігіүі немесе ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген майдандағы армия мен флоттың әскери қызметшілеріне, Ұлы Отан соғысының партизандары мен астыртын әрекет етушілеріне, сондай-ақ жұмысшылары мен қызметшілеріне 5 000 000 (бес миллион) теңге мөлшерінде, сондай-ақ 10 (он) АЕК мөлшерінде азық-түлік жиынтығы;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық лауазымдар атқарған не сол кезеңдерде майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда болған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті жалдамалы құрамының адамдарына 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілеріне қалалардың қорғанысына қатысқаны үшін белгіленген жеңілдікті шарттармен зейнетақы тағайындау үшін 1998 жылғы 1 қантарға дейін еңбек сінірген жылдарына есептеліп жазылған, сол қалаларда Ұлы Отан соғысы кезеңінде қызмет өткерген әскери қызметшілеріне, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағы Қатынас жолдары халық комиссариатының, Байланыс халық комиссариатының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтерілу құрамының, Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы бас басқармасының ұшу-көтерілу құрамының арнаулы құралымдарының Ұлы Отан соғысы кезеңінде әскери қызметшілер жағдайына

көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шекаралары, флоттардың жедел аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мұдделері үшін міндеттер атқарған қызметкерлеріне, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында еріксіз ұсталған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелеріне 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк балалары (тәрбиеленушілері) және юнгалар ретінде болған адамдарына 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да фашизмге қарсы құралымдар құрамында фашистік Германия мен оның одактастарына қарсы ұрыс қимылдарына қатысқан адамдарына 10 (он) АЕК мөлшерінде;

қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан не майданда болуына немесе қимылдары жүргізілген мемлекеттерде қызметтік міндеттерін орындаудың байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген, бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

басқа елдердегі майдандағы әскери контингенттерге қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдары жүргізілген кезеңде жарапануы, контузия алуы, мертігуі не ауруға шалдығуы салдарынан мүгедектік белгіленген тиісті санаттардағы жұмысшылар мен қызметшілер 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұсташа орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарына 200 000 (екі жұз мың) теңге мөлшерінде;

1944 жылғы 1 қаңтар – 1951 жылғы 31 желтоқсан аралығындағы кезеңде Украина КСР, Беларусь КСР, Литва КСР, Латвия КСР, Эстония КСР аумағында болған халықты қорғаушы жойғыш батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарындағы, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызметтік міндеттерін атқару кезінде жарапануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан мүгедектік белгіленген адамдарына 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Коршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарына 150 000 (жұз елу мың) теңге мөлшерінде;

1986 – 1991 жылдар аралығындағы кезеңде Таулы Қарабақтағы этносаралық қақтығысты реттеуге қатысқан әскери қызметшілеріне, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдарына 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдарына 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

1941 жылғы 22 маусым – 1945 жылғы 9 мамыр аралығында кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткөрген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен мінсіз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдарына 100 000 (жұз мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағын қорғау, әскери қызметтің өзге де міндеттерін (қызметтік міндеттерді) атқару кезінде жарапануы, контузия алуы немесе мертігуі салдарынан немесе майданда болуына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан қаза болған (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің, партизандардың, астыртын әрекет етушілердің, Заңның 4 – 6 - баптарында аталған адамдардың отбасыларына 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, жергілікті әуе шабуылына қарсы қорғаныстың обьектілік және авариялық командаларының өзін-өзі қорғау топтарының жеке құрамы қатарындағы адамдардың отбасылары, Ленинград қаласының госпитальдары мен ауруханаларының қаза тапқан жұмыскерлерінің отбасыларына 10 (он) АЕК мөлшерінде ;

бұрынғы КСР Одағы Қорғаныс министрлігінің, ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының әскери міндеттілер жиындарына шақырылған, қоғамға жат көріністерге байланысты төтенше жағдайлар кезінде қоғамдық тәртіпті қорғау жөніндегі міндеттерді орындау кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілерінің, басшы және қатардағы құрам адамдарының отбасыларына 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан қайтыс болған мүгедектігі бар адамның немесе женілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы кезеңінде жарапануы, контузия алуы, мертігуі немесе ауруға шалдығуы салдарынан болған мүгедектігі бар адамдарға теңестірілген қайтыс болған адамның екінші рет некеге тұрмадан зайыбына (жұбайына), сондай-ақ жалпы ауруға шалдығуы, жұмыста мертігуі және басқа да себептер (құқыққа қарсы келетіндерді қоспағанда) салдарынан болған мүгедектігі бар адам деп танылған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысы қатысушысының, партизанның, астыртын әрекет етушінің, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтың екінші рет некеге тұрмадан зайыбына (жұбайына) 60 000 (алпыс мың) теңге мөлшерінде;

бұрынғы КСР Одағының үкіметтік органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз Флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілеріне, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің басшы және қатардағы құрамының

адамдарына (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса алғанда) 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

31 мамыр – Саяси құғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне Мемлекеттік корпорациясының тізімі негізінде:

сотпен немесе "Жаппай саяси құғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген өзге де тәртіппен саяси құғын-сүргін құрбандары немесе саяси құғын-сүргін құрбандары деп танылған азаматтарға 10 (он) АЕК мөлшерінде;

Социалистік Еңбек Ерлеріне, үш дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің иегерлеріне 10 (он) АЕК мөлшерінде;

"Қазақстанның Еңбек Ері", "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдарға 10 (он) АЕК мөлшерінде;

30 тамыз – Қазақстан Республикасының Конституция күніне Мемлекеттік корпорациясының және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларды тәрбиелеп отырған отбасыларға 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының колледждерінде ақылы негізде оқытын мүгедектігі бар тұлғаларға 30 (отыз) АЕК мөлшерінде;

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқытын мүгедектігі бар тұлғаларға 60 (алпыс) АЕК мөлшерінде;

1 қазан – Қарттар күніне Мемлекеттік корпорациясының және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

зейнеткерлік жасқа толған, зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын азаматтарға (тұлғаларға, зейнеткерлерге) 2 (екі) АЕК мөлшерінде;

зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең төмен мөлшерін немесе зейнетақының және (немесе) жәрдемақының ең аз мөлшерінен төмен алатын 80 жастағы және одан (асқан) көп жасқа толған азаматтарға (тұлғаларға, зейнеткерлерге) 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

25 қазан – Қазақстан Республикасының күніне Мемлекеттік корпорациясының және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне Мемлекеттік корпорациясының және әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде:

"Жаппай саяси құғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген 1986 жылғы 17-18 желтоқсандағы Қазақстандағы оқиғаларға қатысқан адамдарға 60 (алпыс) АЕК мөлшерінде;

2) кірістерін есепке алмай, біржолғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне, көрсетілген қызметтердің және (немесе) атқарылған жұмыстарына келісім-шартын қоса бере отырып, өтініш негізінде тұрғын үйді жөндеуге нақты шығындар бойынша 500 (бес жұз) АЕК мөлшерінде;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне, 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға, Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына, 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысуышылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға сауықтыруға, осы фактіні растайтын құжаттарды қоса бере отырып өтініш негізінде 50 (елу) АЕК мөлшерінде;

он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға санаторлық-курорттық емделуге занды өкілдің еріп жүруіне, осы фактіні растайтын құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға санаторлық-курорттық емделуге занды өкілдің еріп жүруіне, осы фактіні растайтын құжатты қоса бере отырып өтініш негізінде 55 (елу бес) АЕК мөлшерінде;

пешпен жылтытылатын жеке тұрғын үй қорында тұратын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушылар қатарынан азаматтарға өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде (жылтыу маусымы кезеңінде);

жоғары оқу орындарының оқуын аяқтау мерзіміне дейін, бұрын әлеуметтік көмек алған студенттерге өтініш негізінде және аудан әкімі, жоғары оқу орнының басшысы және студентпен қол қойған білім беру қызметтерін көрсетуге арналған үш жақты шартта көрсетілген оқу жылындағы нақты оқу құны мөлшерінде;

3) кірістерін есепке алмай, тоқсан сайынғы әлеуметтік көмек:

Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне (сауықтыруға) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде 20 (жиырма) АЕК мөлшерінде;

басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қымылдарының ардагерлеріне, Ленинград қаласындағы қоршау кезеңінде қаланың кәсіпорындарында, мекемелері мен

ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған азаматтарға; Екінші дүниежүзілік соғыс кезеңінде фашистер мен олардың одактастары құрған концлагерьлердегі, геттолардағы және басқа да мәжбүрлеп ұстau орындарындағы кәмелетке толмаған тұтқындарға; 1986 – 1987 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарларын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтарға тікелей қатысқан адамдарға; Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынақтардың салдарынан мүгедектік белгіленген адамдар және мүгедектігі ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуымен генетикалық байланысты олардың балаларына, Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезінде жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруға шалдығуы салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасыларына; бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасыларына; 1988 – 1989 жылдары Чернобыль атом электр станциясындағы апаттың салдарларын жоюға қатысуышылар қатарындағы, қоныс аудару күні құрсақта болған балаларды қоса алғанда, оқшаулау және көшіру аймақтарынан Қазақстан Республикасына қоныс аударылған (өз еркімен кеткен) адамдарға (коммуналдық қызметтерге) өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

бүйректің толық екі еселену түрі бойынша жоғарғы зәр шығару жолдарының туа біткен даму аномалиясынан зардал шегетін екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (қосымша гигиеналық құралдарды сатып алуға) дәрігерлік-консультациялық комиссияның ауруды растайтын қорытындысын қоса бере отырып, өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

4) кірістерін есепке алмай, ай сайынғы әлеуметтік көмек:

бірінші, екінші, үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (өзіне-өзі күтім көрсете алмайтын және денсаулығының жай-күйіне байланысты үнемі көмек көрсетуге мұқтаж, өздерінің ата-аналарын (жұбайын) асырап-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті еңбекке жарамды кәмелетке толған балалары (жұбайы) жоқ немесе объективті себептер бойынша оларды тұрақты көмекпен және күтіммен қамтамасыз ете алмайтын жақын туыстары бар мүгедектігі бар адамдарға (қарттық жасына, бірінші, екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарының, онкологиялық, психикалық ауруларының болуы, бас бостандығынан айыру орындарында отыруына немесе елден тыс жерге тұрақты тұруға кетуі немесе басқа елді мекенде тұруы) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органның тізімі негізінде 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

жоғары оқу орындарының оқуын аяқтау мерзіміне дейін, бұрын әлеуметтік көмек алған студенттерге оқу кезеңінде тұруға, тамақтануға және тұрғылықты жеріне жол жүргуге өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде;

он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаларға, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға (гемодиализ емшарасын алушыларға) медициналық мекемеде емдеу курсын алғаны туралы растау анықтамасын қоса бере отырып, өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде.

8. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін негіздер бойынша әлеуметтік көмек көрсетеді:

- 1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;
- 2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;
- 3) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;

4) жергілікті өкілді органдар ең төмен құнқөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;

5) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы.

8-1. Кірістерін есепке алмай, біржолғы әлеуметтік көмек:

өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі (меншігінде бір тұрғын үйі (пәтер, үй) бар азаматтарға (отбасына) қоспағанда), жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат (алты айға жарамды), жылжымайтын мүліктің жоқ болуы (бар болуы) туралы анықтаманы қоса бере отырып, өтініш негізінде 100 (жұз) АЕК мөлшерінде;

дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі (меншігінде бір тұрғын үйі (пәтер, үй) бар азаматтарға (отбасына) қоспағанда), жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат (алты айға жарамды), жылжымайтын мүліктің жоқ болуы (бар болуы) туралы анықтаманы қоса бере отырып, өтініш негізінде 100 (жұз) АЕК мөлшерінде;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған, пробация қызметінің есебіндегі азаматтарға, жеке басын куәланыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), бас бостандығынан айыру орындарынан босатылу, пробация қызметінің есебінде болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде;

қатерлі ісіктен зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс

"аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын аурудан зардап шегетін тұлғаларға жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде;

"қант диабеті" ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 5 (бес) АЕК мөлшерінде;

созылмалы вирустық гепатиттер және бауыр циррозы ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

психикалық, мінез-құлыштық бұзылулары (аурулары) ауруынан зардап шегетін тұлғаларға жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

балалардың церебралдық параличі ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (үш) АЕК мөлшерінде;

миокардтың жіті инфаргі (алғашқы 6 ай) ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не

цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

ревматизм ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

дәнекер тіннің жүйелі зақымданулары ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

нерв жүйесінің дегенерациялық аурулар ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

орталық нерв жүйесінің миелинсіздендіруші аурулары ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (ұш) АЕК мөлшерінде;

орфандық аурулар ауруынан зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынының тізімі негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, өтініш негізінде 3 (ұш) АЕК мөлшерінде.

8-2. Кірістерін есепке алмай, ай сайынғы әлеуметтік көмек:

адамның иммунитет тапшылығы вирусы (АИВ) тудыратын аурудан зардап шегетін балаларға өтініш негізінде, жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжатты қоса бере отырып, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген ең тәменгі күнкөріс еki еселеген мөлшерінде;

амбулаторлық емдеудегі туберкулезбен зардап шегетін тұлғаларға Павлодар облысы әкімдігі Павлодар облысы денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы "Ертіс аудандық ауруханасы" коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының фтизиатрлық кабинеті ұсынатын тізім негізінде 15 (он бес) АЕК мөлшерінде.

8-3. Кірістерін ескере отырып, біржолғы әлеуметтік көмек:

пешпен жылыштылатын жеке түрғын үй қорында тұратын мүгедектігі бар бірінші, екінші, үшінші санаттағы адамдарға, көп балалы отбасыларға, өтініш берген мерзімде ең тәмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгіленген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстары бар отбасыларға қатты отын сатып алуға (жылышты маусымы кезеңінде), жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алғынған электрондық құжат (жеке басты сәйкестендіру үшін), адамның (отбасы мушелерінің) табысы туралы мәліметтер қоса бере отырып, өтініш негізінде 10 (он) АЕК мөлшерінде.

9. Алушылардың жекелеген санаттары үшін атаулы күндер мен мереке күндеріне орай әлеуметтік көмектің мөлшерін жергілікті өкілді органдар облыс ЖАО-мен келісу бойынша бірынғай мөлшерде белгілейді.

Атаулы күндер мен мереке күндеріне төленетін әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын қалыптастыру үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган зейнетақы мен жәрдемақы алатын белсенді азаматтардың мәліметтерін алуға уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға бастама жасайды. Зейнетақы мен әлеуметтік көмек көрсету жәрдемақысын алушылар жөніндегі мәліметтер осы Үлгілік қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

Бірнеше санатқа жататын адамға атаулы күндер мен мереке күндеріне әлеуметтік көмек әрбір негіз бойынша төленеді.

10. Әрбір жекелеген жағдайда көрсетілетін әлеуметтік көмек мөлшерін арнайы комиссия айқындейді, ол оны әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытындыда көрсетеді.

3-тарау. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі

11. Әлеуметтік көмек көрсету тәртібі Үлгілік қағидалардың 12-20 тармақтарына сәйкес айқындалған.

12. Әлеуметтік көмекті алушылардың тізімдері мемлекеттік корпорацияға не өзге үйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық турде қалыптастырылады.

13. Әлеуметтік маңызы бар ауру болған кезде әлеуметтік көмек алушылардың тізімдерін жеке сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын, әкесінің атын және банктік шотын көрсете отырып, денсаулық сақтау үйымдары, Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау Министрінің бұйрығының әлеуметтік маңызы бар аурулар тізбесінде белгіленген аурулардың халықаралық сыныптамасының кодтарына сәйкес электрондық түрде ұсынады.

14. Әлеуметтік маңызы бар ауру болған кезде әлеуметтік көмек алушылардың тізімдерін денсаулық сақтау үйымдары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 маусымдағы № 429 қаулысымен бекітілген таратылуы шектеулі қызметтік ақпаратқа мәліметтерді жатқызу және онымен жұмыс істеу Қағидаларына сәйкес электрондық түрде ұсынады.

Бірнеше санатқа жататын адамға әлеуметтік маңызы бар ауру болған кезде әлеуметтік көмек әрбір негіз бойынша төленеді.

15. Әлеуметтік көмектің бір түрі бойынша біржолғы әлеуметтік көмек, төлемнің бірдей кезеңділігімен Қазақстан Республикасы бойынша жылына бір рет беріледі.

Мынадай негіздер бойынша әлеуметтік көмекке жүгіну мерзімі: дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі, өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі басталған күннен бастап алты айдан кешіктірілмей.

Дүлей апат немесе өрт салдарынан мүлкіне залал келген болса, әлеуметтік көмек залал келген мүлік орналасқан жер бойынша меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі.

16. Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту мынадай жағдайларда жүзеге асырылады:

- 1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайда;
- 2) адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартқан, жалтарған жағдайда;
- 3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артық болған жағдайда;
- 4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен әлеуметтік көмек тағайындау, осы негіз бойынша төлемді жүзеге асыруға өтініш беру фактісін растистын мәліметтер алынған жағдайда.

17. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру Ертіс ауданының бюджетінде көзделген, ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органнан алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

18. Әлеуметтік көмек келесі жағдайларда тоқтатылады:

- 1) алушы қайтыс болған жағдайда;
- 2) алушы тұрақты тұру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс кеткен жағдайда;
- 3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген жағдайда;
- 4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған жағдайда;
- 5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайда.

Осы тармақтың 3) тармақшасы осы Үлгілік қағидалардың 8-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.

19. Әлеуметтік көмектің артық төленген сомалары ерікті түрде қайтарылады, заңсыз алынған сомалар ерікті түрде немесе сот тәртібімен қайтарылуға тиіс.

20. Әлеуметтік көмек көрсетуді мониторингтеу мен есепке алуды әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган "Е-собес" автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің дереккорын пайдалана отырып жүргізеді.

21. Мемлекеттік корпорация арқылы әлеуметтік көмек төлеуді жүзеге асыру процесін Үлгілік қағидалардың 28-32-тармақтарына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган бастамашылық етеді.

22. Әлеуметтік көмек төлеуге байланысты банктік қызметтеге ақы төлеу мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган арасында жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қарожаты есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация ай сайын есепті айдан кейінгі айдың 20-күнінен кешіктірмей осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес екінші деңгейлі банктер және "

"Казпошта" АҚ бөлінісінде жүргізілген әлеуметтік көмек төлемдері бойынша мәліметтерді әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға жібереді.

Ертіс аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
10 қарашадағы № 35-10-8
шешіміне 2-қосымша

Ертіс аудандық мәслихатының күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 қазандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 245-58-6 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6994 болып тіркелген).

2. Ертіс аудандық мәслихатының 2021 жылғы 5 мамырдағы "Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 қазандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 245-58-6 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" № 28-5-7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7301 болып тіркелген).

3. Ертіс аудандық мәслихатының 2022 жылғы 26 мамырдағы "Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 қазандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 245-58-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 71-18-7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 28290 болып тіркелген).

4. Ертіс аудандық мәслихатының 2022 жылғы 23 қарашадағы "Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 қазандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 245-58-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 98-24-7 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30784 болып тіркелген).

5. Ертіс аудандық мәслихатының 2023 жылғы 21 сәуірдегі "Ертіс аудандық мәслихатының 2020 жылғы 19 қазандағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және Ертіс ауданының мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы" № 245-58-6 шешіміне өзгерістер енгізу туралы" № 6-2-8 шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7329 болып тіркелген).

Ертіс аудандық
мәслихатының 2023 жылғы
10 қарашадағы № 35-10-8
шешіміне 3-қосымша

Ескерту. Шешім З-қосымшамен толықтырылды - Павлодар облысы Ертіс аудандық мәслихатының 09.12.2024 № 105-28-8 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

облысы ауданы бойынша
(уәкілетті органның атауы)екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) және "Қазпошта" АҚ бөлінісінде жүргізілген әлеуметтік көмек төлемдері жөніндегі мәліметтер

Есепті кезең

p/c №	Екінші денгейлі банктер мен "Қазпошта" АҚ атауы	"Азаматтарға арналған үкімет "Мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ аударылды		ЕДБ мен "Қазпошта" АҚ қайтарылды		"Азаматтарға арналған үкімет "мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ төленді		Әлеуметті к көмек атауы
		Алушылар -дың саны	тенге сомасы	Алушы-ла рдың саны	теңге сомасы	Алушы-ла рдың саны	теңге сомасы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9
	БАРЛЫГ Ы							

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» ШЖҚ РМК